

## "Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 766 Қаулысы

*Ескерту. Заңның жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен кері қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2007.05.08. N 371 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

### "Тауар биржалары туралы" Заңы

Осы Заң тауар биржалары жұмыс істеуінің ұйымдастырушылық және құқықтық негіздері мен биржалық сауданы жүзеге асыруды, оның ашық және тиімді жұмыс істеуін, биржалық сауданы қатысушылардың құқықтарын және олардың арасындағы адал бәсекелестікті қорғау мақсатында тауар биржаларының қызметін реттеу және бақылау тәртібін белгілейді.

#### 1-ТАРАУ. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

##### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) биржалық сауда-саттыққа қатысушыны аккредиттеу - қатысушыны биржалық сауда-саттықта тану рәсімі;

2) төреші - биржалық сауда-саттыққа қатысушылар, қатысушылар және биржалық мәмілелер жөніндегі биржалар арасындағы нақты дауларды шешу үшін тараптар қ ұ р а т ы н тө р е л і к с о т ;

3) биржалық сауда - тауар биржасында сауда-саттықты, оның ішінде электрондық сауда-саттықты жүргізу, мәмілелерді тіркеу және ресімдеу жолымен жүзеге асырылатын биржалық тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

4) биржалық тауар - тауар биржасы белгіленген тәртіппен биржалық саудаға жіберген, сатуға немесе алмасуға арналған, айналымнан алынып тасталмаған еңбек ө н і м і ;

5) биржалық сауда-саттық - тауар биржасының сауда залында жүргізу барысында биржалық тауарға сұраныстар мен ұсыныстар талқыланатын, сондай-ақ мәмілелер ж а с а л а т ы н п р о ц е с с ;

6) биржалық опцион - бір тарап (биржалық опционның сатушысы) сатуға немесе сатып алуға міндеттенетін, ал екінші тарап (биржалық опцион сатып алушысы) осы

шартта шарттасылған баға бойынша осы шартта шарттасылған биржалық тауардың белгілі санын сатып алу немесе сату құқығын алатын шарт;

7) биржалық делдал - брокерлік фирмалар және тәуелсіз брокерлер;

8) брокер - клиенттің есебінен және мүддесінде, тапсырма бойынша биржалық тауармен тауар биржасында мәмілелер жасайтын биржалық сауда-саттықтың қ а т ы с у ш ы с ы ;

9) тәуелсіз брокер - тауар биржасында аккредиттелген, өз қызметін заңды тұлғаны құрмастан жүзеге асыратын жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға;

10) брокерлік ұйым - биржалық делдал болып табылатын және тауарлық биржада осы Заңға және тауар биржасының ішкі құжаттарына сәйкес делдалдық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

11) тауар биржасының ішкі құжаттары - тауар биржасына қатысушылардың қызметін, тауар биржасының, оның органдарының, құрылымдық бөлімшелердің жұмысын, қызмет көрсету, оларды төлеудің тәртібі мен мөлшерінің шарттары мен тәртібін реттейтін құжаттар;

12) мемлекеттік инспектор - тауар биржасының және биржа делдалдарының Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауға бақылауды жүзеге асыру үшін тағайындалатын уәкілетті органның лауазымды тұлғасы;

13) тауар биржаларының мемлекеттік тізілімі - уәкілетті орган қалыптастыратын тауар биржаларының тізімі;

14) дилер - өз мүддесі үшін және өз есебінен биржалық тауармен мәміле жасайтын биржалық сауда-саттыққа қатысушы;

15) клиент - тауар биржасының аккредиттелген қатысушыларының қызметтерін пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға;

16) клирингтік орталық (есеп беру палатасы) - қолданыстағы заңнамаға сәйкес жеке немесе екінші деңгейлі банк арқылы мәмілелерді жасау нәтижесінде биржалық сауда-саттыққа қатысушылардың арасында өзара талаптар мен міндеттемелерге есеп айыруға негізделген қолма-қол ақшасыз есеп айырысу рәсімдерін қамтамасыз ететін тауар биржасының мамандандырылған ұйымы немесе бөлімшесі;

17) биржалық тауарларға баға белгілеу - әрбір сауда күнінің аяқталуы бойынша биржалық тауардың әрбір түріне орташа өлшемді бағаны анықтау, ұйымдасқан биржалық рынокта тауар биржасында белгілі бір уақытта жеке алынған осы биржалық тауарға сұраныстың және (немесе) ұсыныстың бағасы;

18) опциялық мәміле - объектісі опциялық келісім-шарт болып табылатын биржалық мәміле;

19) опциялық келісім-шарт - сыйақының орнына сатып алушыға белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде немесе белгілі бір күнге (опцион мерзімі аяқталған күнге) опцион сатушысынан орындау бағасы бойынша қаржы активін сатып алуға немесе сатуға құқық (міндеттемесіз) беретін келісім-шарт;

20) бір жолғы келуші - биржалық споттық сауда-саттыққа қатысушы, биржалық тауармен өз мүддесінде, өз атынан және өз есебінен мәмілелер жасайтын заңды немесе жеке тұлға өкілі немесе жеке тұлғаның өзі;

21) қойма құжаттары - тауарды сақтауға қабылдағанда растауға тауар қоймасы беретін қарапайым, қосарлы қойма куәлігі және басқа құжаттар;

22) спот - тауар (нақты тауар) - шұғыл жеткізілетін немесе қоймада тұрған тауар немесе оны алдағы уақытта жеткізілетін жеке қасиеттерге ие тауар;

23) жедел келісім-шарт - орындау мерзімі ұзартылған биржалық тауарды абсолюттік немесе шартты сатып алу-сатуға арналған келісім шарт, оларға: фьючерс, ф о р в а р д , о п ц и о н ж а т а д ы ;

24) тауар биржасы - биржалық сауданың белгіленген ережелері бойынша белгілі бір орында және белгілі бір уақытта көпшілік сауда-саттықты тұрақты жүргізу арқылы биржалық тауарларды көтерме сату бойынша ұйымдастырушылық және реттеуші қызметті жүзеге асыратын коммерциялық емес, өзін-өзі қаржыландыратын және өзін-өзі б а с қ а р а т ы н ұ й ы м ;

25) тауар биржасының сауда жүйесі - пайдалана отырып, биржалық тауарлар мен сауда-саттыққа қатысушыларының арасында мәміле жасаумен бірге, сауда-саттық жүзеге асырылатын материалдық-техникалық құралдардың, бағдарламалық өнімдердің, тауар биржасының ішкі құжаттарының және өзге де қажетті активтер мен рәсімдер к е ш е н і ;

26) уәкілетті орган - тауар биржаларының қызметі саласында мемлекеттік реттеуді және бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

27) форвардтық мәміле - биржалық сауда-саттыққа қатысушы өзіне мәміле жасалған сәтте келісілген баға бойынша орындау мерзімі ұзартылған тауарды жеткізуге /қабылдауға міндеттеме ала отырып, нақты биржалық тауармен жасалатын операция т ү р і ;

28) фьючерстік мәміле - сауда-саттыққа қатысушылардың өзіне мәміле жасалған сәтте белгіленген баға бойынша биржалық тауардың белгілі бір санын болашақта белгілі бір кезеңде жеткізуге/қабылдауға міндеттеме қабылдай отырып, тауар биржасында стандартты келісім-шартпен жасалатын операция түрі;

29) хеджирлеу - биржалық тауарларға баға өзгерген кезде тәуекелден сауда-саттыққа қатысушылардың мүліктік мүдделерін қорғаудың биржалық тетігі;

30) тауар биржасының мүшесі - тауар биржасының қаржылық капиталын қалыптастыруға қатысатын не тауар биржасының мүлкіне мүшелік немесе өзге де мақсатты жарналар кіргізетін және оның құрылтайшы құжаттарында көзделген тәртіпте тауар биржасының мүшесі болып табылатын заңды және (немесе) жеке тұлға.

## **2-бап. Тауар биржалары туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы**

1. Тауар биржалары туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Тауар биржаларының, олардың филиалдарының, өкілдіктерінің қызметімен байланысты қарым-қатынастар осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданған тауар биржаларының құрылтайшы құжаттарымен, олардың ішкі тәртіптерімен және ережелерімен реттеледі.

3. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

### **3-бап. Биржалық сауданың принциптері**

Қазақстан Республикасында биржалық сауда мынадай принциптерге негізделеді:

- 1) биржалық мәмілелерді жасаудың еріктілігі;
- 2) биржалық саудаға қатысушылардың тең құқықтылығы;
- 3) тауар биржасында сұраныс пен ұсыныс негізінде бағаның еркін қалыптасуы;
- 4) адал бәсекелестік.

## **2-ТАРАУ. ТАУАР БИРЖАЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ**

### **4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) тауар биржаларының қызметі аясында біртұтас мемлекеттік саясатты жүргізеді;
- 2) тауар биржаларының қызметін дамыту саласында бағдарламаларды бекітеді;
- 3) Тауар биржаларының мемлекеттік тізіліміне тауар биржасы туралы мәліметтерді енгізу шарты мен тәртібін айқындайды;
- 4) тауар биржалары арқылы өткізілуі мүмкін Биржалық тауарлар тізбесін және ұсынылатын партиялардың ең аз мөлшерін бекітеді.

### **5-бап. Уәкілетті органның құзыреті**

У ә к і л е т т і                    о р г а н :

- 1) тауар биржалары қызметтерінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды жүргізеді;
- 2) Қазақстан Республикасының тауар биржалары қызметін дамыту мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 3) Тауар биржаларының мемлекеттік тізілімін жүргізеді;
- 4) тауар биржаларының қызметіне талдау жүргізеді;
- 5) тауар биржалары туралы заңнаманың сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 6) тауар биржасына мемлекеттік инспекторды тағайындайды;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын коммерциялық немесе өзге құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, тауар биржалары мен биржалық

сауда қызметінің мәселелері бойынша ақпараттарды жариялайды;

8) тәжірибе алмасу, мамандарды дайындау және өзара қызығушылық тудыратын басқа да мәселелер бойынша шетелдік тауар биржаларымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

### **6-бап. Мемлекеттік инспектор**

#### **1. Мемлекеттік инспектор:**

1) тауар биржаларының, клирингтік орталықтың қызметін және биржалық делдалдардың биржалық қызметін тексеруді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады;

2) тауар биржаларының және биржалық делдалдардың Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтары туралы шағымдары мен өтініштерін, оның ішінде тауар биржаларының санкцияларды заңсыз қолдануына арналған шағымдарды тексереді;

3) уәкілетті органға шағымдар мен өтініштерді тексеру нәтижелері бойынша қорытынды ұсынады;

4) мемлекеттік сатып алу процестерін реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның мамандарын және (немесе) уәкілетті органды тексерулерге қатысуын тарту;

5) биржалық саудаға қатысады;

6) тауар биржасын басқару органының жиналыстары мен отырыстарының барлық, оның ішінде құпиялылық сипаттағы хаттамаларын және олардың шешімдерін қоса алғанда, тауар биржасының қызметі туралы ақпаратпен танысады;

7) уәкілетті органның шешімін орындауға бақылауды жүзеге асырады.

#### **2. Мемлекеттік инспектор мыналарға:**

1) тауар биржаларының және биржалық сауда қызметінде барлық биржалық саудаға қатысушылардың құқықтарын сақтауды қамтамасыз етуге;

2) қандай да бір биржалық саудаға қатысушыларды кемсітушіліктің кез келген нысанының алдын алуға міндетті.

#### **3. Тексерудің материалдары бойынша мемлекеттік инспектор:**

1) бір ай ішінде тауар биржасының басшылығына немесе биржалық делдалға табылған заңнаманы бұзушылықты жою туралы ұсыныстар береді;

2) өз ұсыныстарының көшірмелерін уәкілетті органға жібереді.

#### **4. Мемлекеттік инспектордың мыналарға:**

1) биржалық саудаға тікелей немесе жанама қатысуға;

2) тексеру кезінде тауар биржасының немесе биржалық делдалдың қандай да бір құжаттарын немесе материалдарын алып қоюға;

3) орындалуы міндетті жеке шешім қабылдауға;

4) тексеру процесінде алынған және олардың коммерциялық құпиясынан тұратын тауар биржалары және биржалық саудаға қатысушылар туралы ақпаратты жария етуге құқығы жоқ.

### **3-ТАРАУ. ТАУАР БИРЖАСЫН ҚҰРУ**

## **7-бап. Ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны**

1. Осы Заңға сәйкес тауар биржасының нысанында тіркелмеген заңды тұлғаның атауы "тауар биржасы" немесе одан шығатын кез келген үйлесімдегі сөздерді қамти а л м а й д ы .

Тауар биржасы заңды тұлғаның дербес ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Тауар биржасы жаңа заңды тұлғаны құру жолымен, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған заңды тұлғаны осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте қайта құру нәтижесінде құрылуы мүмкін.

3. Тауар биржасы Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде қызметіне тиісінше Қазақстан Республикасы заңнамасының және филиалы, өкілдігі, бөлімшесі тұрған елдің заңнамасының күші қолданылатын өзінің филиалын, өкілдігін құруға құқылы.

## **8-бап. Тауар биржаларының сыныптамасы**

1. Биржа сауда-саттық ұйымдарының нысаны бойынша тауар биржасы мыналарға б ө л і н е д і :

1) сауда-саттықтың қатысушылары оның жарғысына сәйкес тек тауар биржасының мүшелері болып табылатын жабық тауар биржалары;

2) биржалық сауда-саттыққа бір жолғы келушілердің қатысуына рұқсат беретін а ш ы қ т а у а р б и р ж а л а р ы .

2. Мамандандыру бойынша тауар биржалары:

1) өзара бірін-бірі алмастырмайтын биржалық тауарлардың бірнеше топтары бойынша мәмілелер жасалатын әмбебап;

2) өзара бірін-бірі алмастыратын биржалық тауарлардың топтары болып табылатын мамандандырылған болуы мүмкін.

## **9-бап. Тауар биржасының құрылтайшылары**

1. Тауар биржасының құрылтайшылары оны құру туралы шешім қабылдаған заңды және жеке тұлға болып табылуы мүмкін.

2. Құрылтайшылар тауар биржасын құрумен байланысты шығыстарды төлеу кезінде ортақ қатысуды қабылдайды.

## **10-бап. Тауар биржасының жарғысы**

1. Тауар биржасының жарғысында мыналар:

1) тауар биржасының атауы, оның ішінде ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны, сыныптамасы және тұрған орнынан;

2) тауар биржасы қызметінің мәні мен мақсатынан;

3) тауар биржасын басқару органдарының құрылымы, қалыптастыру тәртібі және құзіреті, олардың шешімдер қабылдау тәртібінен;

4) тауар биржасының мүшелігіне қабылдаудың, мүшелікті тоқтата тұрудың және тоқтатудың шарты мен тәртібінен;

5) тауар биржалары мүшелерінің және басқа биржалық саудаға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерінен;

6) тауар биржасының мүлкін, сондай-ақ тауар биржасы мүшелерінің мүліктік жауапкершілігін қалыптастыру көздерінен;

7) тауар биржасы жарғылық капиталының мөлшерінен;

8) биржалық сауда бойынша құжаттарды қабылдау (бекіту) тәртібінен;

9) биржалық саудаға қатысушылар арасындағы дауларды шешу тәртібінен;

10) тауар биржасының, оның филиалдарының, өкілдіктерінің қызметін ұйымдастыру, сондай-ақ олар туралы мәліметтен;

11) тауар биржасының құрылтайшы құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібінен;

12) тауар биржасының қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шартынан;

13) тауар биржасын таратқан жағдайда мүлікті пайдалану тәртібінен тұруы тиіс.

2. Тауар биржасының жарғысы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелерді көздеуі мүмкін.

3. Тауар биржасының жарғысына өзгеріс пен толықтыру оның жоғары басқару органының шешімі бойынша енгізіледі.

### **11-бап. Биржалық одақтар, тауар биржаларының қауымдастықтары**

1. Тауар биржалары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қызметін үйлестіру, өз мүшелерінің мүдделерін қорғау және бірлескен, оның ішінде бірлескен биржалық сауда-саттықты ұйымдастыру жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыру үшін биржалық одақтар, қауымдастықтар құруы мүмкін.

2. Егер оларды құру Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының және осы Заңның талаптарына қайшы келсе, сондай-ақ биржалық саудада бәсекелестікті жоюға немесе шектеуге алып келу мақсаты бар келісім мен тауар биржаларының күші жарамсыз деп табылса, биржалық одақтарды, қауымдастықтарды құруға тыйым салынады.

## **4-ТАРАУ. ТАУАР БИРЖАСЫНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ МҮЛКІ**

### **12-бап. Тауар биржасының жарғылық капиталы**

1. Тауар биржасы жарғылық капиталының ең аз мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 5 000 еселік мөлшерін құрайды.

2. Тауар биржасының жарғылық капиталы құрылтайшылардың салымдары енгізу жолымен қалыптасады. Салым мөлшері тауар биржасының құрылтайшы құжаттарында белгіленеді.

3. Жарғылық капиталды құрылтайшылар заңды тұлғаны тіркеу сәтіне толық төлеп болады тиіс.

4. Тауар биржасының құрылтайшысы өз үлесін сатуға немесе өзге тәсілмен беруге

құқылы. Тауар биржасының құрылтайшысы үшінші тұлғалардың алдында үлес сатып алудың басым құқығын пайдалана алады. Үлесті сатып алу құқығын құрылтайшылар, үшінші тұлғалар пайдалануды қаламаған кезде үлесті тауар биржасы сатып алады.

5. Тауар биржасы сатып алған үлес оның теңгерімінде бір жылдан артық болмауы тиіс. Бір жыл ішінде іске асырылмаған үлес жарғылық капиталды тиісті азайтумен өтеледі.

### **13-бап. Тауар биржасының мүлкі және оны қалыптастырудың көздері**

1. Тауар биржасының меншігінде немесе жедел басқаруында жылжымайтын мүлік объектілері, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жерді пайдалануға арналған құқық пен зияткерлік қызмет нәтижелеріне арналған құқық және оның жарғысында көзделген тауар биржасының қызметін материалдық қамтамасыз ету үшін қажетті өзге мүлік б о л у ы м ү м к і н .

2. Заңнамалық актілерге сәйкес ақшалай және өзге нысандарда тауар биржасының мүлкін қалыптастыру көздері мыналар:

- 1) тауар биржасының құрылтайшылары мен мүшелерінен түсетін түсімдер;
- 2) жұмыстарды, қызметтерді іске асырудан түсетін түсімдер (кірістер);
- 3) биржалық сауда-саттыққа қатысушылардан түсетін ерікті мүліктік және ақшалай ж а р н а л а р ;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған басқа түсімдер б о л ы п т а б ы л а д ы .

3. Заттай және өзге нысандардағы (ақшалай түсімді қоспағанда) түсімдер ақшалай нысанда бағаланады. Егер салымның құны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің баламалы жиырма мың мөлшері сомасынан асатын болса, оның бағасын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде жұмыс істейтін бағалаушы растауы тиіс.

4. Тауар биржасы оған тиісті барлық мүліктерге өз міндеттемелері бойынша жауап береді, өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттемелерді алуы және жүзеге асыруы, сотта талап-арыз беруші және жауапкер болуы мүмкін.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарлық биржасының құрылтайшылары оның міндеттемелеріне жауап бермейді және тауар биржасының қызметімен байланысты әрі олардың салымдары мөлшерінің шегінде шығындардың тәуекелдерін көтереді.

## **5-ТАРАУ. ТАУАР БИРЖАСЫНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ МЕН МҮШЕЛЕРІ**

### **14-бап. Тауар биржасының басқару органдары**

Тауар биржасының басқару органдары мыналар болып табылады:

- 1) жоғарғы орган - тауар биржасы құрылтайшыларының және олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін сақтауды қамтамасыз ететін тауар биржасы



құрылтайшыларының жалпы жиналысы;

2) атқарушы орган - тауар биржасы қызметіне ағымдық басшылықты жүзеге асыратын және тауар биржасының жоғары органына есеп беретін орган. Атқарушы орган құрамында кемінде үш мүше бар алқалық немесе жеке-дара болуы мүмкін;

3) бақылау органы (ревизиялық комиссия) - жоғары басқару органы сайлайтын орган. Құзыретін тауар биржасының жарғысы айқындайды. Бақылауды атқару органы айқындайтын тәуелсіз аудитор (тәуелсіз ұйым) жүзеге асыруы мүмкін.

### **15-бап. Тауар биржасы құрылтайшыларының жалпы жиналысы**

1. Тауар биржасы құрылтайшыларының жалпы жиналысы тауар биржасы қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

2. Құрылтайшылардың жалпы жиналысы құрылтайшылардың жалпы санының кемінде үштен екісі болған кезде шешім қабылдауға құқылы.

3. Тауар биржасы құрылтайшыларының жалпы жиналысының шешімі, егер ол үшін құрылтайшылардың жалпы жиналысында қатысқандардың елу пайызынан астамы дауыс берсе қабылданған болып есептеледі.

4. Тауар биржасының мүшелері дауыс беруге қатысу құқығынсыз құрылтайшылардың жалпы жиналысына қатыса алады.

5. Құрылтайшылардың жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай:

1) құрылтайшы құжатын бекіту қабылдау, өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) құрылтайшылардың жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

3) ерікті қайта ұйымдастыру және тарату;

4) ұйымдастыру құрылымын, тауар биржасын басқару органдарының өкілеттіктерін қалыптастыру және тоқтату тәртібін айқындау;

5) атқару органын, бақылау органын (ревизиялық комиссия) және оның басшысын сайлау оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

6) жарғыда көзделген басқа органдарды сайлау;

7) жарғылық капиталдың мөлшерін өзгерту;

8) тауар биржасының басқару органы басшыларының жылдық қаржылық есептілігі мен есеп беруін тыңдау және бекіту;

9) тауар биржасының мүлкіне иелік етудің тәртібін белгілеу.

6. Тауар биржасы құрылтайшыларының жалпы жиналысын тауар биржасының орындаушы органы кемінде жылына бір рет шақырады.

7. Тауар биржасының жарғысында шешімдер қабылдауы құрылтайшылардың жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер көзделуі мүмкін.

### **16-бап. Тауар биржасының атқарушы органы**

1. Басқарудың алқалы немесе жеке-дара атқару органын құрылтайшылардың жалпы жиналысы үш жыл мерзімге сайлайды.

2. Атқару органының басшысы атқару органының ағымдағы қызметіне басшылық

ж а с а й д ы .

### 3. Атқару органының басшысы:

- 1) құрылтайшылардың жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдайды;
- 2) тауар биржасы қызметшілерінің штаттық кестесін, жалақы ставкасын, еңбекақы және сыйлықақы туралы ережесін бекітеді;
- 3) тауар биржасының атынан сенімхатсыз іс-әрекет етеді, барлық инстанциялар мен ұйымдарда оның мүдделерін білдіреді;
- 4) шарттарды жасайды, сенімхаттар береді, банктерде шоттар ашады;
- 5) тауар биржасының функционалдық бөлімшелерінің қызметіне бақылауды жүзеге асырады;
- 6) статистикалық және бухгалтерлік есептің жүргізілуіне, қаржылық операцияларға жекелей алғанда ақша қорларын (қаржы ресурстарын) құруға, бөлуге және пайдалануға бақылауды жүзеге асырады;
- 7) тауар биржасының филиалдарын және өкілдіктерін құру туралы шешім қабылдайды;
- 8) қоғамның жарғысында және құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімдерімен айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

### **17-бап. Тауар биржасының бақылау органы (ревизиялық комиссия)**

1. Тауар биржасының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін тауар биржасының кемінде үш мүшесі бар құрамдағы бақылау органы (ревизиялық комиссия) құрылады.

2. Тауар биржасының бақылау органының (ревизиялық органның) мүшелері атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

3. Тауар биржасының бақылау органы (ревизиялық комиссия) тауар биржасы құрылтайшыларының жалпы жиналысына тікелей бағынады және олардың алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

### **18-бап. Тауар биржасының мүшелері**

1. 1-баптың 30-тармақшасында айқындалған заңды және (немесе) жеке тұлғалар (осы баптың 2-тармағында айтылғандарды қоспағанда) тауар биржасының мүшелері болады.

2. Мыналар тауар биржасының мүшелері бола алмайды:

- 1) осы немесе қандай да бір басқа тауар биржасының қызметшілері;
- 2) егер, олардың басшылары (олардың басшыларының орынбасарлары немесе олардың филиалдарының және өкілдіктерінің басшылары) осы тауар биржасының қызметшілері болып табылса, ұйымдар;
- 3) орталық және жергілікті мемлекеттік органдар;
- 4) қоғамдық, діни және қайырымдық бірлестіктері (ұйымдар) мен қорлар;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыра алмайтын жеке тұлғалар.

3. Тауар биржасына мүшелік мыналарға:

1) осы Заңға сәйкес тауар биржаларына қатысуға;  
2) құрылтай құжатында және тауар биржасында қолданыстағы басқа да ережелерде белгіленген ережелерге сәйкес тауар биржалары мүшелерінің жалпы жиналыстарындағы шешімдердің қабылдануына, сондай-ақ тауар биржаларын басқа да басқару органдарының осы Заңда көрсетілген жағдайлардан басқа жұмысына қатысуға құқық береді.

4. Тауар биржасына мүшелік тауар биржасының құрылтай құжатында белгілеген тәртіпте және шарттарда туындайды әрі тауар биржасы беретін тиісті куәлікпен расталады.

5. Мүшелікті тоқтату тәртібі, сондай-ақ тауар биржасы мүшесінің құқықтарын толықтай немесе ішінара беру осы баптың 6 және 7-тармақтарында көзделген талаптарды ескере отырып, айқындалады.

6. Осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, жарғылық капитал үлесіне меншіктің куәліктерін және тауар биржасын басқаруға қатысу құқықтарын бермей-ақ немесе сатпай-ақ биржа саудасына қатысуға арналған құқықтық беруге жол берілмейді.

7. Осы заңды іске асыру мақсатында тауар биржасы мүшелерінің өзінің биржаға қатысуға арналған құқығын тек бір ғана заңды немесе жеке тұлғаға жалға беруге (шартта айқындалған мерзімге беруге) құқығы бар. Шарт тауар биржасында тіркелуге жатады. Биржа саудасына қатысуға арналған құқықты қайта жалға беруге (қайтадан беруге) жол берілмейді.

### **19-бап. Тауар биржасының қызметшілері**

1. Тауар биржаларының қызметшілері тауар биржасында, оның филиалдары мен өкілдіктерінде жұмысты орындайтын заңды тұлғалар болып табылады.

Тауар биржасының қызметшілері еңбегінің шарттары Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасына сәйкес шартпен реттеледі.

2. Тауар биржасының қызметшілеріне биржалық мәмілелерге қатысуға және меншікті брокерлік ұйымдарды құруға, сондай-ақ қызметтік ақпаратты өз мүдделерінде пайдалануға тыйым салынады.

## **6-ТАРАУ. ТАУАР БИРЖАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

### **20-бап. Тауар биржасының қызметі**

1. Тауар биржасының негізгі қызмет түрі биржалық жария, көпшілік, оның ішінде қазіргі заманғы коммуникацияларды пайдалана отырып, айқындалған ережелер бойынша алдын ала белгіленген жерде, белгілі бір уақытта биржалық сауда-саттықты жүргізуді білдіретін биржалық тауарлармен сауда-саттықты ұйымдастыру және жүргізу болып табылады.

2. Тауар биржасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) спот-тауарлармен сауда-саттықты ұйымдастыру және жүргізу;
- 2) мерзімдік келісім-шарттармен (фьючерспен, форвардпен және опционмен) сауда-саттықты ұйымдастыру және жүргізу;
- 3) спот-тауарлармен мәмілелерді тіркеу;
- 4) тауарларға және тауарлық фьючерстермен, форвардтармен мерзімдік келісім-шарттарға арналған опциондардың жүгінулерімен, сондай-ақ қойма құжаттарымен байланысты мәмілелерді тіркеу;
- 5) биржалық мәмілелер бойынша есеп айырысуларды ұйымдастыру және жүзеге асыру ;
- 6) биржалық тауарларға арналған биржалық бағаларды айқындау (белгілеу);
- 7) биржалық тауардың сапасына сараптама жасау;
- 8) ұйымдық, консультациялық, ақпараттық, әдістемелік және өзге де қызметтерді көрсету ;
- 9) биржалық тауарлар рыногына талдамалық зерттеулер жүргізу;
- 10) биржалық қызмет туралы ақпаратқа жататын баспа өнімін шығару;
- 11) биржалық тауар рыногының қатысушыларын оқыту және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқу курстарын ұйымдастыру;
- 12) тауар биржасының сауда-саттық жүйесін пайдалану;
- 13) тауар биржасына қатысушылар арасындағы дауларды шешу;
- 14) тауар биржасының ішкі құжаттарында көзделген өзге де функциялар.

3. Тауар биржасына тауар биржасының сауда-саттық-делдалдық ұйымымен тікелей байланысты емес сауда-саттық және өзге қызметті жүзеге асыруына тыйым салынады. Бұл шектеу тауар биржасының мүшелері болып табылатын заңды және жеке тұлғаларға қолданылмайды.

4. Тауар биржасы өз атынан осы Заңмен және өзге де заңнамалық актілер мен оған берілген құқықтар шегінде шетелдік заңды және жеке тұлғалармен ынтымақтастық туралы келісімдер, оның ішінде бұл тауарларды биржалық саудаға қою құқығынсыз тауар биржасының қызметін жүзеге асыруға арналған тауарлардың импорты туралы келісімдер жасасуға құқылы.

### **21-бап. Тауар биржаларындағы ақшалай жарналар**

1. Тауар биржасы өз қызметін биржа мүшелерінің кіру және жыл сайынғы жарналары, биржалық мәмілелер үшін, биржалық мүлікті пайдаланғаны, осы баптың 2-тармағында көрсетілген биржалық мәмілелерді, ақша қаражаттарын тіркеу және ресімдеу үшін алымдар, басқа да түсімдер есебінен жүзеге асырады.

2. Тауар биржасы мыналарды:

- 1) биржалық саудаға қатысушылардың қаржылық міндеттемелерінің мөлшерлері мен енгізу тәртібін;
- 2) биржалық сауданың ережелеріне сәйкес төлемдердің мөлшерін;

3) тауар биржасының жарғысын, тауар биржасының ережелерін және биржалық сауданың ережелеріне сәйкес тауар биржасының ішкі құжаттарында белгіленген басқа да ережелерді бұзғаны үшін алынатын айыппұлдарды белгілеуге құқылы.

### 3. Тауар биржасына мыналарды:

1) биржалық мәмілелердегі делдалдық үшін биржалық делдалдар алатын сыйлықақы мөлшерін;

2) биржалық саудадағы биржалық тауарға арналған бағалардың деңгейлері мен шектерін белгілеуге тыйым салынады.

4. Биржалық сауда-саттыққа қатысушылардан алынатын төлемдердің жетімді болуы тиіс.

### 22-бап. Биржалық мәміле

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына және биржалық сауда ережелеріне сәйкес ол жүргізген сауда-саттыққа қатысушылардың биржада жасалатын биржадағы айналымға жіберілген мүлігі мәні болатын мәміле биржалық мәміле болып табылады.

Биржалық мәмілелерді тіркеу және ресімдеу тәртібін тауар биржасы белгілейді.

2. Тауар биржасында жасалған, бірақ осы баптың 1-тармағында көзделген талаптарға сәйкес емес мәмілелер биржалық болып табылмайды. Мұндай мәмілелерге тауар биржасының кепілдігі қолданылмайды. Тауар биржасы осы тауар биржасына биржалық емес мәмілелер жасайтын тауар биржасының қатысушыларына санкциялар қолдануға құқылы емес.

3. Биржалық мәмілелер тауар биржасының атынан және есебінен жасалмайды.

### 23-бап. Биржалық мәмілелердің түрлері

Тауар биржасында мыналармен:

1) нақты тауарға қатысты құқықтар мен міндеттерді өзара беруге;

2) мерзімі кейінге қалдырылған нақты тауарға (форвардты мәмілелер) қатысты құқықтар мен міндеттерді өзара беруге;

3) биржалық тауарды болашақта жеткізуге немесе сатып алуға (фьючерлік мәмілелер) арналған стандартты келісім-шарттарға қатысты құқықтар мен міндеттерді өзара беруге;

4) биржалық тауарға немесе биржалық тауарды жеткізуге арналған келісім-шарттарға (опциондық мәмілелер) қатысты құқықтар мен міндеттерді болашақта табыстау құқығына арналған құқықтарды беруге;

5) қойма куәліктеріне қатысты құқықтар мен міндеттемелерді өзара-беруге мәмілелер;

6) биржалық саудаларының ережелерімен белгіленген биржалық тауарлармен, келісім-шарттармен немесе құқықтармен басқа да мәмілелер жасалады.

### 24-бап. Форвардтық, фьючерстік және опциондық мәмілелерді жасау кезіндегі биржалық саудадағы

кепілдер

1. Тауар биржасы онда жасалатын форвардтық, фьючерстік және опциондық мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте құрылатын есеп айырысу мекемелерін (клирингтік орталықтар) құру немесе екінші деңгейдегі банкпен немесе кредиттік мекемемен есеп айырысу (клирингтік) қызметін көрсетуді ұйымдастыру туралы шарт жасасу жолымен есеп айырысу қызметін көрсетуді ұйымдастыруға міндетті.

2. Осы тауар биржасында аккредиттелген қатысушылардың форвардтық, фьючерстік және опциондық мәмілелерді жасауға құқығы бар.

3. Форвардтық, фьючерстік және опциондық мәмілелер бойынша міндеттердің орындалуына кепілдік беру мақсатында қатысушылар тауар биржасының ішкі құжаттарына сәйкес кепіл енгізеді.

4. Форвардтық, фьючерстік және опциондық мәмілелер сауданың автоматтандырылып жүргізілуін, клирингтің жүргізілуін, белгілеу өзгерістерінің серпінін қамтамасыз ететін бағдарламалық құралдардың арнайы кешені болған кезде ғ а н а ж а с а л у ы м ү м к і н .

5. Тауар биржасы қолданыстағы заңнамаға сәйкес мерзімдік келісім-шарттар рыногының қатысушыларына клирингтік орталық арқылы есеп айырысу қызметін көрсетуді жүзеге асырады.

6. Клирингтік орталықтар биржалық делдалдар ұйымның тауар биржаларынан тәуелсіз де, тауар биржасының құрамындағы клирингтік орталық - арнайы ұйымдық құрылымдық бөлімше сияқты да құрылуы мүмкін.

#### 7. Клирингтік орталықтар:

- форвардтық, фьючерстік және опциондық мәмілелердің орындалуына және бұл мәмілелер бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара орындалмау нәтижесінде пайда болған зиянды өтеуге, сондай-ақ бұл мәмілелердің қатысушыларының басқа да қаржылық міндеттемелерін айқындауға кепілдік беретін жарналардың түрлерін, мөлшерлері мен алыну тәртібін белгілеуге;

- белгіленген тәртіпте форвардтық, фьючерстік және опциондық мәмілелерге қатысушыларға бұл мәмілелерге кепілдік беруге қажетті шектерде кредит беруді жүзеге асыруға;

- тауар биржасының ішкі құжаттарына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыруға құқылы.

8. Тауар биржасы жасалатын биржалық фьючерстік, форвардтық және опциондық мәмілелерге кепілдік беру мақсатында өз қаражатына да және тапсырма бойынша және клиенттердің қаражатына да мәмілелер жасайтын клиенттер мен клирингтік орталық арасындағы фьючерстік рыноктағы клирингтік орталық мүшелерінің, биржалық делдалдың қатысуымен кепілдік және өзге де қорларды құруға құқылы.

#### **25-бап. Биржалық баға**

1. Тауарға биржалық баға белгілі бір уақытта осы биржалық тауарға сұраныс пен ұсыныстың бағаларын белгілеу нәтижесінде, сондай-ақ биржа белгілеген әдістеме бойынша әрбір сауда күнінің аяқталуына қарай биржалық тауардың әрбір түріне орташа өлшемді бағаны айқындау нәтижесінде құралады.

2. Тауар биржалары ай сайын бұқаралық ақпарат құралдарында сұраныс пен ұсынысты ескере отырып, биржалық тауарларға айқындалған баға белгілеуді жариялауға міндетті.

### **26-бап. Биржалық сауда ережесі**

1. Биржалық сауда ережесін тауар биржасының атқарушы органы бекітеді.

2. Биржалық сауда ережелері тауар биржаларына айналымға жіберілген биржалық тауарлармен мәмілелер жасау кезінде биржалық сауда-саттыққа қатысушылардың қызметін, сондай-ақ тауар биржасы мен биржалық сауда-саттыққа қатысушылардың арасында пайда болған құқықтық қатынастарды реттейді.

3. Ереже биржалық саудаға барлық қатысушылар үшін міндетті болып табылады және олар мыналарды көздейді:

1) тауар биржаларының негізгі құрылымдық бөлімшелерінің функцияларын;  
2) биржалық саудаға қатысушыларға болатын биржалық сауда-саттық туралы х а б а р л а у т ә р т і б і н ;

3) биржалық сауданы өткізу тәртібін;

4) биржалық саудаға рұқсат беру тәртібін;

5) биржалық мәмілелердің түрлерін;

6) биржалық мәмілелерді тіркеудің және есепке алудың тәртібін;

7) биржалық тауарларға бағаларды тіркеудің (белгілеудің) тәртібін;

8) биржалық саудаға қатысушыларға болатын биржалық сауда-саттықтағы биржалық мәмілелер туралы, оның ішінде биржалық мәмілелердің бағалары туралы және биржалық бағаларды белгілеу туралы хабарлау тәртібін;

9) биржалық мәмілелерді жасасу кезінде биржалық сауда-саттыққа қатысушылар арасындағы өзара есеп айырысулар тәртібін;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті сертификаттауға жататын және оған уәкілеттігі бар орган берген немесе таныған сертификат және сәйкестік белгісі болған кезде Қазақстан Республикасының аумағында сатуға арналған биржалық сауда-саттығында өткізілетін биржалық тауарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды;

11) биржалық сауда-саттықтарда реттілік пен тәртіпті қамтамасыз ететін шараларды , сондай-ақ осы шараларды қолдану тәртібі мен шарттарын;

12) тауар биржасы мүшелерінің және биржалық саудаға басқа да қатысушылардың мемлекеттік органдардың тауар биржаларының қызметіне жататын мәселелер жөніндегі шешімдерін, тауар биржасының құрылтай құжаттарын, биржалық сауданың ережелерін, тауар биржасы мүшелерінің жалпы жиналысының және тауар биржасын

басқарудың басқа да органдарының шешімдерін сақтауды қамтамасыз ететін ш а р а л а р д ы ;

13) биржа тауарларының номенклатурасын;

14) аударымдардың, алымдардың, тарифтер мен басқа да төлемдердің мөлшерін және тауар биржасының оларды өндіріп алу тәртібін;

15) тауар биржаларындағы брокерлер мен дилерлерді аккредиттеу тәртібін;

16) тауар биржасының сауда-саттыққа қатысушылардың биржа жарғысын, биржалық сауда ережелерін және биржаның басқа да ішкі құжаттарын бұзғаны үшін өндіріліп алынатын айыппұл санкцияларын салу тәртібін.

## **7-ТАРАУ. БРОКЕРЛІК-ДИЛЕРЛІК ҚЫЗМЕТ**

### **27-бап. Биржа сауда-саттығына қатысушылар**

1. Тауар биржасында аккредиттелген тауар биржаларының мүшелері, брокерлер мен дилерлер, сондай-ақ бір жолғы келушілер биржа сауда-саттығының қатысушылары б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Қатысушылар тауар биржасы белгілеген тәртіппен биржа сауда-саттығына ж і б е р і л е д і .

3. Бір жолғы келушілер өз атынан және өз есебінен нақты тауарға ғана мәмілелерді жасауға құқығы бар.

### **28-бап. Тауар биржаларының мүшелері, брокерлердің және олардың клиенттерінің арасындағы қарым-қатынастар**

1. Тауар биржаларының мүшелері, брокерлер мен олардың клиенттері арасындағы қатынастар брокерлік қызметтерді көрсету туралы олардың арасында жасалған келісім-шарттармен (шарттармен) реттеледі.

2. Тауар биржасы өз құзыреті шегінде тауар биржасы мүшелерінің, брокерлердің және олардың клиенттерінің өзара қатынастарын реттейді, белгіленген тәртіппен белгіленген биржа ережелерін бұзушыларға тиісті шараларды қолданады.

3. Тауар биржасының мүшелері өз клиенттерінен өз есеп-шоттарына кепілді жарналарды енгізуді, клирингтік орталықтарда (есеп-айырысу палаталарында) ашуды, сондай-ақ оған берілген тапсырмаға сәйкес клиенттің атынан олардың иелік ету құқығын беруді талап етуге құқылы.

### **29-бап. Биржа саудасына қатысушылардың биржаның мәмілелерді есепке алу**

1. Биржа сауда-саттығына қатысушылар биржа саудасында жасалатын биржа мәмілелерін әрбір клиент бойынша жеке есепке алуды жүргізуге және мәмілелер жасалған күнінен бастап бес жыл ішінде осы мәмілелер туралы мәліметтерді сақтауға м і н д е т т і .

2. Уәкілетті органның талап етуі бойынша биржа сауда-саттығына қатысушылар көрсетілген ақпаратты беруге міндетті.

### **30-бап. Тауар биржасындағы дауларды шешу**



Биржа мәмілелерін жасаумен байланысты даулар шешімі сотта дау айтылуы мүмкін тиісті тауар биржасындағы биржалық төрелігінде қаралады.

## **8-ТАРАУ. ТАУАР БИРЖАСЫНДАҒЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІК ҚҰПИЯСЫ**

### **31-бап. Тауар биржасындағы коммерциялық құпия**

М ы н а л а р :

- 1) биржа сауда-саттығына қатысушылардың жеке шоттарындағы қаражаттардың қозғалысы туралы мәліметтер және кепіл есебінің, кепілдік қаражаттардың жүйесі;
- 2) биржа сауда-саттығына қатысушылар ретінде аккредиттелген заңды және жеке тұлғалар туралы мәлімет коммерциялық құпияны қамтиды.

### **32-бап. Тауар биржасындағы қызметтік құпия**

1. Тұлғалардың шектелмеген тобы үшін тең жағдайларда жалпы қол жетімді болып табылмайтын тауар биржасы қатысушыларының қызметі туралы мәлімет қызметтік құпияны қамтиды.

2. Өзінің қызметтік ережесіне немесе биржа сауда-саттығына қатысушымен жасалған шартқа байланысты аталған ақпаратқа енуге мүмкіндігі бар тұлға қызметтік құпияны құрайтын ақпаратқа ие тұлға болып табылады.

### **33-бап. Коммерциялық және қызметтік құпияны ашу**

1. Тауар биржасында коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтер осы баптың 2 және 3-тармақтарымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, жариялауға ж а т п а й д ы .

2. Коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде оның құқығына қатысты биржа сауда-саттығына қатысушыға немесе оның өкіліне берілуі мүмкін.

3. Тауар биржасында коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтер:

1) анықтау және алдын ала тергеу органдарына: олардағы қылмыстық істерді жүргізу бойынша;

2) соттарға: айқындау, қаулы негізінде олардың өндірісіндегі істер бойынша;

3) прокуратура органдарына: олардың қарауындағы материалдар бойынша олардың құзыреті шегіндегі тексеру ісі туралы қаулы негізінде;

4) атқарушы өндіріс органдарына: орындалуға қатысты мәселелер бойынша сот орындаушысының және санкция берген прокурордың қаулысы негізінде атқарушылық өндірісі бойынша;

5) салық органдарына: тексерілетін тұлғаға салық салумен байланысты мәселелер бойынша;

б) нотариустарға: мұрагерлік істер бойынша;

7) шетелдік консульдық мекемелерге: олардың өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша;

8) монополияға қарсы органға: монополияға қарсы заңнаманы сақтаумен байланысты мәселелер бойынша;

9) уәкілетті органға: оның сұрау салуы бойынша берілуі тиіс.

## **9-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **34-бап. Тауар биржасын қайта ұйымдастыру және тарату**

1. Тауар биржасын қайта ұйымдастыру (бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, қайта ұйымдастыру) және тарату Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Тауар биржасын қайта ұйымдастыру, тарату туралы шешімді тауар биржасының жарғысымен белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес тауар биржасын басқарудың жоғары органы қабылдайды.

3. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда тауар биржасын мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру және қызметін тоқтату уәкілетті органның ұсынымы бойынша сот жүзеге асыруы мүмкін.

4. Құрылтайшылардың құрамын өзгерту тауар биржасын қайта ұйымдастыру болып табылмайды және заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруға алып келмейді.

### **35-бап. Өтпелі ережелер**

1. Осы Заңға дейін құрылған тауар биржалары оны қолданысқа енгізгенге дейін алты ай ішінде құрылтай құжаттарын осы Заңға сәйкес келтіруі тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағының талаптарын орындамаған жағдайда тауар биржасы мерзім белгіленген күннен бастап 6 айдан кешіктірмей Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес таратуды жүргізуі тиіс.

### **36-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. "Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 7 сәуірдегі Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 26-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 143-құжат; 2003 ж., N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат) күші жойылды деп танылсын.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*